



Азиада АЛАУЫ АЛТАЙҒА келді

Astana - Almaty
2011

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әуежайда облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ, VII қысқы Азия ойындары алау эстафетасы дирекциясы жетекшісінің орынбасары Сәрсен Құранбек, Өскемен қаласының әкімі Ислам Әбішев, облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы Асқар Моханов, «Қазақстан Халық банкі» акционерлік қоғамы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Раиса Тұяқбаева және Астана мен Алматыдан келген қонақтар бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен брифинг өткізді.

– Көптен күткен Азиада алауы Шығыс өңіріне де жетті. Біз оған өте қуаныштымыз. Осы алау эстафетасын өткізіп жатқан ұйымдастырушыларға ақ алғысымызды білдіреміз, өйткені бұл – үлкен бір тарихи оқиға. Тәуелсіз Қазақстанда тұңғыш рет өтіп отырған Азия ойындары Мемлекет басшысының көшбасшылығын, біздің еліміздің жетістіктерін, мемлекетіміздің дүние жүзіндегі орнын көрсетеді.

Осыдан 5 күннен кейін ашылайын деп жатқан Азиада ойындары арқылы тағы да Қазақстанның аты бүкіл дүние жүзіне жайылады, абыройы өседі деп ойлаймыз. Шығыстың да өзінің үлкен тарихы бар. Шығыс Қазақстан өңірі қысқы спорт ойындарына қатысатын спортшылар саны жағынан Алматы қаласынан кейін екінші орында деп айтуға болады.

Алдағы Азия ойындарына облысымыздан 24 спортшы қатысады. Қазақстанға алтын, күміс, қола медальдарды жарыстарда алып келетін спортшыларымыз көп болса екен деген арманымыз, мақсатымыз бар.

Құрметті қонақтар, Шығысқа хош келдіңіздер! Осы келген қадамдарыңыз құтты

болып, еліміздің, соның ішінде біздің өңірдің даңқы спорт арқылы арта берсін! – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ баспасөз мәслихатында.

Тәуелсіздіктің жиырма жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отырған Қысқы Азия ойындарының алауын әуежайда ерекше ілтипатпен қарсы алушылар қатарында Қазақстанның халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әзілхан Нұршайықов, Қазақстанның халық әртісі, 2008 жылы Бейжіңдегі жазғы Олимпиада ойындарының алау эстафетасына қатысқан Роза Рымбаева, белгілі ақын-жазушылар Ұлықбек Есдәулетов пен Дидахмет Әшімханов, қазақ эстрадасы өнерінде жарқырай шыққан жұлдыздардың бірі – Тоқтар Серіков және басқа да елімізге танымал азаматтар болды.

– Азияданың бұрынғы өткен ойындарының бірде-бірінде Қазақстандағы сияқты алауды облыстан облысқа аралап көрсеткен жоқ. Алау эстафетасы шеруінің үлкен маңызы бар. Жастар бұл алауды көргеннен кейін спортқа деген қызығушылығы артады. Өздері де спортпен беріліп шұғылданатын болады. Спорт бүкіл халықтың рухын көтеретін ғажайнәрсе. Сондықтан Азияданың біз үшін де, келешек ұрпақтарымыз үшін де тарихи маңызы зор. Сом білекті батырлар осындай спортшылардан шығады. Олардың кішкентай күнінен мына сияқты үлкен оқиғаны көріп өскендері ғанибет, – деді Әзілхан Нұршайықов журналистермен тілдескенде.

– Әжелер қатарына қосылған шағымызда бүгін біз үшін керемет мереке болып тұр. Бүкіл әлемге танымал болған Қазақстанымызда Азия ойындары өтетін күн де таяп қалды. Осы ұлы дүбірлі жарыста көк байрағымыз бірнеше мәрте көтеріліп, аспанда желбірей берсін, – деп ақсақалдар мен ақ әжелер атынан Гүлшат Смағұлова тілегін білдірді.



Алау Эстафетасы
Эстафета Оғня

Азия ойындарына біздің облыстан спорттың 7 түрі бойынша 24 спортшы қатысатыны белгілі болды. Ал олар жалпы жиыны 14 алтын, күміс медальды жеңіп алу үшін жарыс жолына шығады. Саңлақтарымызға сәттілік тілейміз.

Баспасөз мәслихатынан кейін алауқұты «Қазақстан Халық банкі» акционерлік қоғамының Шығыс Қазақстан облыстық филиалына жеткізіліп, салтанатты жағдайда сақтауға қою рәсімі өтті.

Бүгін сағат 11.00-де «Восток» стадионында алау эстафетасы басталады.

СУРЕТТЕРДЕ: Өскеменнің әуежайында облыс Әкімі бастаған Шығыстан шыққан

белгілі өнер қайраткерлері, ақын-жазушылар Азиада алауын қарсы алды (1-бетте); облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ (ортада) Өскемен қаласының әкімі Ислам Әбішевтің, VII қысқы Азия ойындары алау эстафетасы дирекциясы жетекшісінің орынбасары Сәрсен Құранбектің, Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың, Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаеваның және «Қазақстан Халық банкі» АҚ Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Раиса Тұяқбаеваның (солдан оңға қарай) қатысуымен Азиада алауының Өскеменге келуіне байланысты баспасөз мәслихатын өткізді.

Суреттерді түсірген Есімхан Орынбаев